

Әйтеке би ауданы бойынша 2011 жылға біржолғы талонның құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 шілдедегі № 253 шешімі. Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 18 тамызда № 3-2-110 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 77 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 25.01.2013 № 77 шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-Заңының 6 - бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңының 36-бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Әйтеке би ауданы бойынша арнаулы салық режимінде кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырушылар үшін біржолғы талон құнының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Сессия төрағасы,
аудандық мәслихаттың*

хатшысы

А.ЕРМАҒАМБЕТ

Аудандық мәслихаттың 2011 жылғы
28 шілдедегі № 253 шешіміне
қосымша

Біржолғы талон құнының Әйтеке би ауданындағы бір күндік мөлшері

№	Кәсіп түрлері	Бір күндік төлем сомасы теңге
А	Базар аумағындағы дүңгершектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлермен заңды тұлғалар	
	Комсомол, Қарабұтақ селосында Авто-көліктен сату а) жүк көтерімділігі 5тн жоғары	1500 800

1	б) жүк көтерімділігі 5тн дейін Сөреден сату Қолдан сату	200 100
2	Елді-мекендерде: Авто-көліктен сату Сөреден және қолдан сату	400 100
Б	Дүркін-дүркін сипаттағы қызмет түрлері	
1	Газеттермен журналдар, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет) бақша дақылдарын, саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді, қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандағы, жануарлармен құстардың жемдерін, сыпыртқылар, орман жидегін, бал, саңрауқұлақ балық сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	200
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметтері	1500
3	Үй жануарларымен құстарын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар	100

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК